



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісі
«Ауыл» партиясы фракцияның
депутаттарына**

2023 жылғы 12 сәуірдегі
№ ДС-55

Құрметті депутаттар!

Сіздердің Аграрлық банк (*бұдан әрі – Агробанк*) құруға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Ауылшартауарөндірушілердің (*бұдан әрі-АШТӨ*) қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында қаржы қызметтерінде қызметі депозиттер тарту мүмкіндігінсіз ауыл шаруашылығына кредит беруге байланысты әмбебап коммерциялық банктерді, кредиттік серіктестіктерді, түрлі мамандандырылған мекемелерді қамтитын көп деңгейлі жүйе қалыптастырылды.

Сонымен қатар, салаға кредит беруге екінші деңгейдегі банктер ауыл шаруашылығы өндірісінің маусымдық сипатына, табиғи-климаттық жағдайларға тәуелділікке, түрлі қаржы құралдарының жеткіліксіз дамуына, сондай-ақ қарыз алушыларда қолайлы кепілді қамтамасыз етудің болмауына байланысты аз тартылады.

Сондай-ақ, тәуелсіз мемлекет құру және қаржы жүйесін дамыту кезеңінде Қазақстанда көптеген мамандандырылған банктер жұмыс істегенін, іс жүзінде әрбір өнеркәсіп саласының өзінің қаржы институты болғанын атап өтеміз.

Алайда, кейіннен бұл банктер әмбебап болды немесе бұзылды (*Газторгбанк, Қазагроөнеркәсіпбанкі*).

Осыған байланысты, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 7-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасында «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамын қоспағанда, мемлекет қатысатын мамандандырылған салалық банктерді құруға жол берілмейді.

Өз кезегінде, экономиканың аграрлық секторының проблемаларын шешу үшін мемлекет ауыл шаруашылығын дамытудың орнықтылығын арттыруға бағытталған жүйелі шаралар қабылдауда.

Мәселен, жыл сайын фермерлер үшін көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қаржы бөлінеді. «Кең дала» бағдарламасы арқылы **140 млрд теңге** көлемінде жеңілдетілген кредит беріледі.

***Анықтама ретінде:** көрсетілген қаражат есебінен өткен жылы 4 758 АШТӨ-ге кредит берілді, 5,2 млн га ауыл шаруашылығы алқаптарына жеңілдікпен кредит берумен қамтуға мүмкіндік туды.*

Ауыл шаруашылығы саласының негізгі кредит беруші ұйымдары «Бәйтерек» холдингінің еншілес ұйымдары «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ және «ҚазАгроҚаржы» АҚ (*лизинг*) болып табылады.

2023 жылы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ желісі бойынша **330,0 млрд теңге** көлемінде қаражат бөлінді, оның ішінде көктемгі егіс жұмыстарына **140 млрд теңге** бөлінді.

Бұдан басқа, «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2023 жылға арналған ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу жоспары **170,0 млрд теңгеге** дейін ұлғайтылды, сондай-ақ жем-шөп дайындау техникасы мен суарудың мобильді жүйелерін қаржыландыру үшін **20,0 млрд теңге** мөлшерінде бюджеттік инвестициялар тартылды.

Сонымен қатар, АӨК субъектілеріне кредит беруде жаңа тәсілдемелерді енгізу бойынша шаралар қабылдануда. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Ауыл аманаты» ауыл тұрғындарының табысын арттыру жобасын масштабтау бойынша жұмыс басталды. Жобада сыйақы мөлшерлемесі 2,5%-дан аспайтын, ең жоғары мерзімі 7 жылға дейінгі сенім білдірілген өкіл (агент) арқылы микрокредиттер беру көзделген.

Пилоттық жобаны масштабтау үшін ағымдағы жылға **17 мыңнан астам микрокредит** беру жоспарымен **100 млрд теңге** бөлінді.

Микрокредит берумен қатар, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар арқылы АӨК саласындағы ірі өнеркәсіптік инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша Солтүстік Қазақстан облысының табысты тәжірибесін тираждау бойынша жұмыс жүргізілуде. Қарыз беру шарттары барынша жеңілдетілген. Ағымдағы жылдың өзінде осы мақсаттарға **100 млрд теңге** бөлінді, оның есебінен шамамен **65 тауарлық сүт фермасының** құрылысы қаржыландырылатын болады.

Баяндалғанды, сондай-ақ АӨК субъектілері үшін кредиттік құралдар мен өндіріс факторларының қолжетімділігін арттыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды ескере отырып, Агробанк құру жөніндегі ұсынысты орынды емес деп санаймыз.

Ә. Смайылов

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан,
фракции партии «Ауыл»

на № ДС-55
от 12 апреля 2023 года

Уважаемые Депутаты!

Рассмотрев Ваш депутатский запрос касательно создания Аграрного банка (далее – Агробанк), сообщаю следующее.

В целях удовлетворения потребностей сельхозтоваропроизводителей (далее – СХТП) в финансовых услугах сформирована многоуровневая система, включающая в себя универсальные коммерческие банки, кредитные товарищества, различные специализированные учреждения, деятельность которых связана с кредитованием сельского хозяйства без возможности привлечения депозитов.

Вместе с тем, низкая вовлеченность банков второго уровня в кредитовании отрасли обусловлена рисками, связанными с сезонным характером сельскохозяйственного производства, зависимостью от природно-климатических условий, недостаточной развитостью различных видов финансовых инструментов, а также отсутствием у заемщиков приемлемого залогового обеспечения.

Также отмечаем, что в период создания независимого государства и развития финансовой системы, в Казахстане работало множество специализированных банков, фактически каждая отрасль промышленности имела свой финансовый институт.

Однако, впоследствии данные банки либо становились универсальными, либо разорялись (*Казторгбанк, Казагропромбанк*).

В этой связи, в соответствии с пунктом 7 статьи 3 Закона «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан», создание в Республике Казахстан специализированных отраслевых банков с участием государства, за

исключением АО «Жилищный строительный сберегательный банк Казахстана», не допускается.

В свою очередь, для решения проблем аграрного сектора экономики государством принимаются системные меры, направленные на повышение устойчивости развития сельского хозяйства.

Так, ежегодно для аграриев выделяется финансирование на проведение весенне-полевых и уборочных работ. Льготное кредитование осуществляется через программу «Кен дала» в объеме **140 млрд тенге**.

***Справочно:** За счет указанных средств в прошлом году удалось предоставить кредиты **4 758 СХТП** и охватить льготным кредитованием **5,2 млн га** сельхозугодий.*

Следует отметить, что основными кредитующими организациями отрасли сельского хозяйства являются дочерние организации холдинга «Байтерек» – АО «Аграрная кредитная корпорация» и АО «КазАгроФинанс» (*лизинг*).

В 2023 году по линии АО «Аграрная кредитная корпорация» выделены средства в размере **330,0 млрд тенге**, в т.ч. на весенне-полевые работы **140 млрд тенге**.

Кроме того, АО «КазАгроФинанс» увеличен до **170,0 млрд тенге** план закупа сельхозтехники на 2023 год, а также привлечены бюджетные инвестиции в размере **20,0 млрд тенге** для финансирования кормозаготовительной техники и мобильных систем орошения.

Наряду с этим, принимаются меры по внедрению новых подходов в кредитовании субъектов АПК. Так, по поручению Главы государства начата работа по масштабированию проекта по повышению доходов сельского населения «Ауыл аманаты». Проект предусматривает выдачу микрокредитов через поверенного (агента) со ставкой вознаграждения не более 2,5% с максимальным сроком до 7 лет.

Для масштабирования пилотного проекта на текущий год выделено **100 млрд. тенге** с планом выдачи более **17 тыс. микрокредитов**.

Параллельно с микрокредитованием также проводится работа по тиражированию успешного опыта Северо-Казахстанской области по реализации крупных промышленных инвестиционных проектов в сфере АПК через социально-предпринимательские корпорации. Условия предоставления займа максимально льготные. Уже в текущем году на эти цели выделено **100 млрд. тенге** за счет которых будет профинансировано строительство порядка **65 молочно-товарных ферм**.

Учитывая изложенное, а также проводимую работу по повышению доступности кредитных средств и факторов производства для субъектов АПК, предложение по созданию Агробанка считаем нецелесообразным.

А. Смаилов